

«Абзал жүрек» кеңесінің отырыс хаттамасы
«Павлодар қаласы №37 жалпы орта білім беру мектебі» ММ

ХАТТАМА №1

Павлодар қ.

13.09.2021ж.

«Абзал жүрек» қамқоршылық кеңесінің сайлануы мен жаңа оқу жылына арналған жиналысы
Қатысқандар: 13 адам «Абзал жүрек» қамқоршылық кеңес мүшелері

Әкімшілік 7 адам

68 ата-аналар

Күн тәртібінде:

1. №37 мектептегі қамқоршылық кеңесінің құрамын жаңартып, бекіту.
2. ҚК төрағасын, ҚК мүшелерін, ҚК хатшысын сайлау.
3. 2021-2022 оқу жылына арналған «Абзал жүрек» қамқоршылық кеңесінің жұмыс жоспарын қарастыру.
4. Жетім, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған, аз қамтылған, көпбалалы отбасылар балаларының құжаттарын қарастыру
5. «Мектепке жол» науқанының қорытындысы.
6. Қамқоршылық көмек көрсету.

Тыңдалды: Мектеп басшысы Л.Жусупова.

Жаңа оқу жылына мектебіміздің «Абзал жүрек» атты қамқоршылық кеңесінің құрамын жаңартып, бекітуіміз қажет. Ең алдымен ҚК төрағасын сайлап алуымыз қажет. Екіншіден, ҚК мүшелерін іріктегеніміз жөн. Қ.К мүшелеріне : жергілікті өкілдері, құқық қорғау органдарынан, коммерциялық емес ұйымдардың өкілдері, қайырымгерлік жасайтын адамдар және өр сыныптан 1 ата-анадан кіреді. ҚК хатшысын мектебіміздің мұғалімдер арасынан сайлаймыз.

Сайлауымызды бастайық:

Жақтап Дауыс Бергендер-87

"Қарсы" -0

"Қалыс қалғандар" – 1.

Сонымен, «Абзал жүрек» атты қамқоршылық кеңесінің төрағасы бірауыздан - Бекбаева Людмила Тлегеновна өзі қалатын болды. ҚК хатшысы мектебіміздің әлеуметтік педагогі Абылай Катия болады. Ал, енді ҚК мүшелерін де сайлайық.

Жақтап Дауыс Бергендер-80

"Қарсы" -2

"Қалыс қалғандар" – 5.

Дауыс беру қорытындысы бойынша ҚК мүшелері:

Жакупова Арай Тoleyбергеновна

Жаксыбаева Алиса Жумашевна

Анаева Анара Хайратовна

Каирбаев Ербулат Канашевич

Жакина Анель Амановна

Киреева Акбала Тимофеевна

Бекежанова Меруерт Шаймуратовна

Мукашева Асем Маликовна

Амергалиева Асель Ашауовна

Кумарбек Нурай Мейрамбекқызы

Тыңдалды: ТЖЖДО У.С.Исағалиева

2021- 2022 оқу жылына арналған қамқоршылық кеңесінің жұмыс жоспары құрылды. Оқушылардың құжаттары 2021 жаңа оқу жылына жаңартылды. Мектебімізде қазіргі таңда 1 жетім, 1 ата-анасының қамқорлығынсыз қалған, көпб.азқ.отбасы АӘК-18, азқ.отбасы АӘК-11, көпб.азқ.отбасы -13 және азқ.отбасы -6 оқушы бар. Екі отбасының жағдайы өте төмен, осы отбасыларға қамқоршылық етуді ұсынды. Балаларымен психологиялық тренингтер өткізу жөніндегі ұсыныс болды.

Тыңдалды: ҚК төрағасы Бекбаева Людмила Тлегеновна сөз алды.

«Мектепке жол» науқанының қорытындысы шығарылды. Мектебіміздің атаулы әлеуметтік көмек алуға құқығы бар, күнкөріс деңгейі төмен отбасыларынан шыққан оқушылардың бәріне көмек көрсетілді. Жетім, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған екі оқушыға белсенді ата-аналар атынан балаларына киім-кешек берілгені жайында айтты.

Қаулы қабылдады:

1. Жаңа оқу жылына қамқоршылық кеңесінің құрамы бекітілсін. (бұйрық шығару)
2. 2021-2022 оқу жылына арналған «Абзал жүрек» қамқоршылық кеңесінің жұмыс жоспары бекітілсін.
3. Отбасылық жағдайы өте төмен жанұяларға көмек көрсету.
4. Балаларымен мектеп психологы Ханафия М.Х. әртүрлі тренингтер өткізсін.

ҚК төрағасы
ҚК хатшысы



Бекбаева Людмила Тлегеновна
Абылай Катия